

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының төрағасы
Ж.К.Асанов мырзаға**

**талап қоюшылар М.Бимановпен
М.Койбағаровтың өкілі
Е.К. Кушмухановтан**

АЛҒЫС ХАТ

Мен, талап қоюшылар М.Бимановпен М.Койбағаровтың атынан Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының судьясы Б.Б.Нуржанова ханымға үлкен алғысымызды білдіргіміз келеді.

Алғысымыз шексіздігі келесімен байланысты.

Талап қоюшылар М.Биманов пен М.Койбағаров «Интергаз Орталық Азия» АҚ-нан, яғни жұмыс орнынан заңсыз шығарылғандықтан, олар жұмысқа кері орналастыруды сұрап Атырау қалалық сотына талап арызбен жүгінген болатын.

Алайда, бұл іс басқа істерге, яғни жұмысқа орналастыру туралы істерге ұқсастығы болмады, себебі оның ерекшелігі келесіде болды.

Талап қоюшылар «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да еңбек шартынсыз және жұмысқа қабылдау туралы бұйрықсыз жұмыс атқарған. Кейін сотпен талап қоюшылар мен «Интергаз Орталық Азия» АҚ арасында пайда болған қатынастар еңбек қатынастары деп танылған. Бірақ «Интергаз Орталық Азия» АҚ бұл соттың шешіміне қарамай, талап қоюшыларды жұмыстан ешқандай бұйрықсыз босатқан.

Атырау қалалық сотының судьясы талап қоюшылардың еңбек шарты, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтары жоқ деп олардың талаптарын қанағаттандырусыз қалдырған.

Атырау облыстық сотының судьясы Б.Б. Нуржанова талап қоюшылардың апелляциялық шағымын қараған кезде табандылық танытып, бұрын-сонды қаралмаған даудың шешімін тауып, талап қоюшыларды жұмыс орнына кері орналастыру қажет деп әділ шешімге келді.

Бұл судья Б.Б.Нуржанова ханымның бірінші ісі емес әділ шешім қабылдағаны, ол әрқашанда қандайма-болмасын кез-келген іс бойынша әділ шешім қабылдайды және оған жалғыз мен емес, көптеген тараптар, заңгерлер мен адвокаттар куә.

Судья Б.Б.Нуржанова ханымның жақсы қасиеттерінің бірі, оның барлық істерді сот отырысы басталғанға дейін зерделеуі, жан-жақтылығы, екі жаққа тең көзбен қарауы, тәжірибелілігі, кез-келген істің шешімін табуы және ең бастысы тапқан шешімнің әділдігі.

Біз өзіміздің атымыздан Сіз арқылы Атырау облыстық сотының судьясы Б.Б.Нуржанова ханымға үлкен алғысымызды айтқымыз келеді.

Сізден судья Б.Б.Нуржанова ханымға алғыс жариялауды сұраймыз.

Алғыс иесі

Талап қоюшылар

**М.Биманов және М.Койбағаровтың өкілі
Е.А. Кушмуханов _____**